



Педагогтерге
сабақтарды шын
мәнінде қызықты және
тиімді етуге арналған
кеңестер мен
ұсынымдар!



2-ШЫҒАРЫЛЫМ:
ИНТЕРАКТИВТІ САБАҚҚА ҚАРАЙ 5 ҚАДАМ



TALAP

ҚҰРМЕТТІ ПЕДАГОГ!

СІЗБЕН БІРГЕ ҚЫЗЫҚТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕР ӘЛЕМІНЕ
САЯХАТТЫ ЖАЛҒАСТЫРЫП ЖАТҚАНЫМЫЗҒА ҚУАНЫШТЫМЫЗ!
СІЗДІҢ ДАМУҒА ДЕГЕН ҰМТЫЛЫСЫҢЫЗ, ЭНЕРГИЯҢЫЗ БЕН
ӘР САБАҚТЫ ЕСТЕ ҚАЛАРЛЫҚ ЕТУГЕ ДЕГЕН ТАЛПЫНЫСЫҢЫЗ
БІЗГЕ ШАБЫТ БЕРЕДІ.

СІЗДІҢ БОЙЫҢЫЗДА ҚАРАПАЙЫМ САБАҚТЫ ШЫТЫРМАН ОҚИҒАҒА, АЛ
КҮНДЕЛІКТІ ТАПСЫРМАНЫ ҚЫЗЫҚТЫ КВЕСТКЕ АЙНАЛДЫРА АЛАТЫН
ЖАҢАШЫЛ БАР ЕКЕНІНЕ БІЗ СЕНЕМІЗ.
ЖАҢА АШЫЛУЛАР МЕН ЖАРҚЫН ИДЕЯЛАР СІЗГЕ СЕРІК БОЛСЫН!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН, «TALAP» КЕАҚ КОМАНДАСЫ



Дайынсың ба? Онда қызықты оқуға жол ашайық!

І-ҚАДАМ. МАҚСАТ ПЕН НӘТИЖЕ



1.1. Негізгі дидактикалық мақсатты анықта

- Өзіңе сұрақ қой:
 ➔ Мен бұл сабақты не үшін өткізіп жатырмын?
 ➔ Бүгін студенттерге нені үйреткім келеді?
 💡 Кеңес: Мақсат нақты, қысқа әрі өлшенетін болуы керек. Блум таксономиясындағы етістіктерді қолдан: талдау, салыстыру, шешу, түсіндіру.

1.2. Мақсатты студенттер үшін «көрінетін» ет

- Сабақ мақсатын студентке бағытталған форматта тұжырымда.
- Оны сабақтың басында презентацияға жаз, тақтаға көрсет немесе визуал арқылы бейнеле (мысалы, иконка немесе эмодзи көмегімен).

1.3. Күтілетін нәтижені анықта

- Өзіңе сұрақ қой:
 ➔ Сабақ соңында студент нақты нені меңгеруі немесе көрсетуі керек?
 Күтілетін нәтиже мынадай болуы тиіс:
 ✓ Нақты
 ✓ Тексерілетін
 ✓ Бір сабақтың ішінде қол жеткізуге болатын

1.4. Мақсатты мәселе немесе сұрақ түрінде ұсын

- Бұл – студенттерді сабақтың алғашқы минуттарынан бастап қызықтырудың ең тиімді жолдарының бірі:
- ✓ «Бүгінгі тақырып – экожүйелер» деудің орнына
 - ? «Барлық аралар жоғалып кетсе не болады?» деп сұра!
- Мұндай проблемалық сұрақ:
- 🔍 Жауап іздеуге ынталандырады
 - 🔄 Сабақты тек білім беретін емес, зерттеу сабаққа айналдырады
 - 🧠 Мақсатты нақты жағдай арқылы түсінуге көмектеседі.

1.5. Нәтижені бақылау форматын нақтыла

Мақсатқа жеткендігін қалай анықтайтыныңды шеш:

- 💡 Мини-тест пе?
- 💡 Бірлескен жоба ма?
- 💡 Рефлексиялық сұраққа жауап па?
- 💡 Топтың қысқаша таныстырылымы ма?
- 💡 Онлайн-викторина ма?

Құралдар:

- ✓ Google Forms
- ✓ Kahoot / Quizizz
- ✓ Padlet / Jamboard
- ✓ Бағалау парақтары (рубрикаторлар)



2-ҚАДАМ. ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТІ ТАҢДА



2.1. САБАҚТЫ ЛОГИКАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ БӨЛ

Интерактивті сабақ — бұл қойылым сияқты: жақсы құрылым мен драматургияны қажет етеді.

Міне, классикалық құрылымы:

1. Қызығушылықты ояту
2. Зерттеу / Алдын ала білімді анықтау
3. Жаңа материалды меңгеру
4. Тәжірибеде қолдану
5. Рефлексия және қорытынды жасау

● Кеңес: Назарды сақтау үшін әрекет түрлерін түрлендіріп отыр (жеке / жұптық / топтық жұмыс).

2.2. САБАҚТЫҢ СЦЕНАРИЙІН УАҚЫТПЕН НАҚТЫЛА

Сценарий құру үшін келесі бағандары бар кесте жаса:

Уақыты – Кезең – Формат – Мұғалімнің әрекеті – Студенттің әрекеті

Мысалы:

0:00–0:10 – Қызығушылықты ояту – Mentimeter-де сауалнама – Сұрақ қояды – Телефон арқылы жауап береді

0:10–0:25 – Жаңа білім – Мини-презентация + бейне – Тақырыпты түсіндіреді – Көреді, жазады және т.б.

Бұл тәсіл уақытты тиімді бақылауға және студенттерді шаршатпай, қызығушылықты сақтау үшін көмектеседі.

♥ Сценарий жасауға арналған пайдалы құралдар: Google Docs Notion Trello Miro немесе Mural



2.3. ӘР КЕЗЕҢГЕ ИНТЕРАКТИВТІЛІК ЭЛЕМЕНТІН ЕНГІЗ

Интерактивтілікті "қосымша" ретінде қоспа, оны сабақтың өз логикасына кіріктір:

«Мұғалімнің түсіндіруі → тест» дегеннің орнына,

«сұрақ → талқылау → зерттеу → жасау» тізбегін қолдан.

2.4. ТҮРЛІ НҰСҚАЛАР МЕН ТАҢДАУ МҮМКІНДІГІ

Студенттерге таңдау мүмкіндігін ұсынып көр:

— Жұмыс форматы: слайд / постер / комикс

— Қиындық деңгейі

— Мини-тапсырма тақырыбы (мысалы: «Анализ үшін бір кейіпкерді таңдаңыз»)

Бұл тәсіл мотивацияны арттырады және бақылау сезімін қалыптастырады.



2.5. КЕЗЕҢДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨТУЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ОЙЛАСТЫР

Маңызды: әр кезең арасындағы өтулер біртіндеп әрі қисынды болуы тиіс.

↑! «Көпір» сөздерді қолданыңыз:

— «Енді мұның практикада қалай жұмыс істейтінін көрейік...»

— «Бұл туралы басқалар не ойлайды? Келіңіздер, пікірлерді салыстырайық...»

САБАҚ СЦЕНАРИЙІНЕ АРНАЛҒАН ҚОРЫТЫНДЫ ЧЕК-ЛИСТ:

- ✓ Кезеңдер ескерілген: қызығушылық → меңгеру → тәжірибе → рефлексия
- ✓ Әр кезеңде студенттердің белсенділігі бар
- ✓ Интерактивтілік енгізілген
- ✓ Уақыт көрсетілген
- ✓ Өтпелі бөлімдер дайындалған
- ✓ Түрлі нұсқалар немесе таңдау мүмкіндігі қарастырылған
- ✓ Сабақтың логикасы мен мақсаты анық көрініп тұр



3.1. Интерактив не үшін қажет?



Интерактив — жай ғана «көңілді» болу емес. Бұл тәсіл:

- ◆ Қызығушылық пен белсенділікті арттырады;
- ◆ Ойлау, шығармашылық және командалық жұмысты дамытады;
- ◆ Оқытуды тәжірибеге жақын әрі дараланған етеді.

3.2. Цифрлық интерактив (онлайн-құралдар)



Сауалнама, дауыс беру

Mentimeter, Slido, Google Forms

- ◆ Пікірді немесе білім деңгейін нақты уақыт режимінде тексеру



Ойындар мен викториналар

Kahoot, Quizizz, Blooket, Wordwall

- ◆ Материалды ойын түрінде қайталау және бекіту



Ортақ онлайн-тақталар

Padlet, Jamboard, Miro

- ◆ Бірлескен жұмыс, идеялармен бөлісу, жауаптарды жинақтау



Интерактивті карталар

Genially, Canva, LearningApps

- ◆ Сүйреп орналастыру, басу, салыстыру, таңдау үлгілері арқылы жұмыс істеу



Сұрақтармен бейнежазбалар

Edpuzzle, YouTube + Forms

- ◆ Бейне тоқтату арқылы көру және түсінікті тексеру



Кеңес: қарапайымнан бастаңыз — сабақтың негізгі кезеңдеріне кіріктірілген 1-2 цифрлық құрал жеткілікті.

3.3. Интерактивті элементтерді сабақ кезеңдеріне қалай енгізуге болады



3.4. Интерактивтілікті тиімді қолданудың қағидалары



1. Интерактивті элементтерді сабақтың логикасына кіріктіріңіз. Оларды «қосымша» ретінде емес, мақсатқа жетуге көмектесетін құрал ретінде қолдан.



2. Өзара әрекет түрлерін түрлендіріңіз: студент ↔ оқытушы, студент ↔ студент, студент ↔ цифрлық орта.



3. Назардың төмендеуін болдырмау үшін әр 7-15 минут сайын әрекет түрін ауыстырып отырыңыз.



4. «Тыныш» және «дыбысты» интерактивті әрекеттерді жоспарлаңыз: бұл белсенді және жеке жұмысты теңестіруге көмектеседі.

3.5. Есіңде болсын!!!



- ✓ Платформалардың жұмысын алдын ала тексеріңіз
- ✓ Сілтемелерге кіру мүмкіндігін сынап көріңіз
- ✓ Техникалық ақаулар жағдайына баламалы жоспар дайындаңыз (мысалы: викторинаның қағаз нұсқасы)



4-ҚАДАМ. МАТЕРИАЛДАР МЕН ПЛАТФОРМАНЫ ДАЙЫНДАҢЫЗ



Не істеу керек:

- ◆ Сабақты өткізуге арналған платформаны таңдаңыз (Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom немесе офлайн)
- ◆ Барлық материалдарды алдын ала жүктеңіз: презентациялар, сілтемелер, жұмыс парақтары, шаблондар
- ◆ Техникалық дайындықты тексеріңіз: интернет, дыбыс, логиндер

Құралдар: Canva, PowerPoint, Google Slides, Padlet

4.1. Сабақты өткізудің форматын анықта



4.2. Подготовь цифровую платформу



Выбери 1–2 основные платформы, которые будут центральными:

Мақсаты	Платформалар
● Бейнебайланыс	→ ● Zoom, Teams, Meet
● Кері байланыс	→ ● Google Forms, Padlet, Jamboard
● Ойын тапсырмалары	→ ● Kahoot, Quizizz, Wordwall, Blooket
● Ортақ онлайн-тақталар	→ ● Miro, Padlet, Canva Whiteboard
● Сақтау және қолжетімділік	→ ● Google Drive, OneDrive, LMS (Moodle, Classroom)

4.4. Мынаны тексер:

- ✓ Барлық сілтемелер жұмыс істеп тұр ма?
- ✓ Студенттер қайда кіру керектігін біле ме?
- ✓ Платформа олардың құрылғыларынан (соның ішінде телефоннан) қолжетімді ме?
- ✓ Дыбыс, микрофон, экран жұмыс істей ме?
- ✓ Сілтемелер ашылады ма?
- ✓ Интернет өшіп қалса, баламалы жоспар бар ма?
- ✓ В жоспары дайын ба? (мысалы: қағаз нұсқасы / офлайн көшірме / қарапайым балама тапсырма)



Барлық материалды бір жерде сақтаңыз – Google Дискте немесе LMS жүйесіндегі папкада, өзіңізге де, студенттерге де ыңғайлы болу үшін.

5-ҚАДАМ. САБАҚТЫ ӨТКІЗІП, КЕРІ БАЙЛАНЫС ЖИНАҢЫЗ

5.1. Студенттерді белсендіру мен бағыттаудан бастаңыз

Сабақ тақырыптан емес, атмосферадан басталады.

✓ Алғашқы минуттардан бастап белсендіруге не көмектеседі:

• Студенттерге сұрақ (чатта, ауызша немесе Padlet арқылы):


→ «Бұл тақырып бойынша не білесіз?»

→ «Қай жері қиын көрінеді?»

• Мини-ойын немесе сауалнама (Kahoot, Mentimeter)

• Эмоциялық якорь: видео, мем, дәйексөз, жұмбақ

♦ Маңызды: бұл сабақ лекция емес, диалог екенін студенттер сезінуі тиіс.



5.2. Сабақтың мақсаты мен форматын нақты түсіндіріңіз

Студенттер мынаны түсінуі қажет:

✓ Біз не істейміз?

✓ Неліктен? (Қандай нәтижеге ұмтыламыз?)

✓ Сабақ қалай өтеді? (формат, белсенділіктер, уақыт)

✓ Тапсырмаларды қайда және қалай орындау керек?

♦ Сабақ жоспарын визуалды түрде көрсетіңіз:

— 3–5 пиктограмма арқылы кезеңдер — Таймер — Сабақтың «жол картасы»



5.3. Белсенділік форматын ауыстырып отыр

Интерактивті сабақтың “алтын ережесі”:

! Бірде-бір белсенділік 15 минуттан артық болмауы керек.

Ырғақ пен өзара әрекет түрін алмастырыңыз:

☑ Жеке жұмыс → жұптық → топтық

☑ Онлайн-формат → пікірталас → офлайн-шаблон

☑ Көрнекі → мәтіндік → практикалық

✓ Мысалдар:

— Түсіндіруден кейін – түсінікті тексеруге арналған мини-викторина

— Видео көргеннен кейін – шаблонмен жұмыс

— Топтық талқылаудан кейін – жалпы рефлексия



5.4. Следи за вовлечённостью

🔍 Студенттердің “сабақтан үзіліп қалуының” белгілері:

— Чатта ешкім жазбайды

— Бірнеше ғана студент жауап береді

— Сұрақ қойғанда үнсіздік



5.5. Кері байланыс жина

✓ Форматтар және мысалдар:

Формат

Google Forms

Jamboard / Padlet

Emoji-бағалау

Ауызша / чатта


Мысал

3–5 қысқа сұрақ («Не есте қалды?», «Түсінікті болды ма?», «Сабақты 10 баллмен бағалаңыз»)

Стикерлер: «+», «-», «?», «💡»

«Көңіл күйіңді смайликпен көрсет»

«Сөйлемді аяқта: Сабақ мен үшін...»



САҒАН ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР ЖИНАҒЫ!

- ✓ Google Forms - <https://docs.google.com/forms/u/0/>
- ✓ Kahoot - <https://kahoot.it/>
- ✓ Quizizz - <https://quizizz.com/?lng=ru>
- ✓ Padlet - <https://padlet.com/>
- ✓ Jamboard -
<https://sites.google.com/eastpennsd.org/epsdtech/elementary/google/google-jamboard>
- ✓ Mentimeter - <https://www.mentimeter.com/>
- ✓ Google Docs - <https://workspace.google.com/products/docs/>
- ✓ Notion - <https://www.notion.com/>
- ✓ Trello - <https://trello.com/ru>
- ✓ Miro - <https://miro.com/ru/>
- ✓ Mural - <https://www.mural.co/use-case/online-whiteboard>
- ✓ Slido - <https://www.slido.com/>
- ✓ Blooket - <https://www.blooket.com/>
- ✓ Wordwall - <https://wordwall.net/ru>
- ✓ Genially - <https://genially.com/>
- ✓ Canva - <https://www.canva.com/>
- ✓ LearningApps - <https://learningapps.org/>
- ✓ Edpuzzle - <https://edpuzzle.com/>
- ✓ Classkick - <https://classkick.com/>
- ✓ Flip (ex-Flipgrid) - <https://www.tesol.org/blog/posts/flip-is-finished-where-do-we-go-from-here/>



Келесі кездескенше асыға күтеміз!



**"TALAP" KEAK
ӘЗІРЛЕНГЕН**

Педагогтерді дамыту басқармасы

TALAP.EDU.KZ

